

Балалар өміріндегі зорлық – зомбылықтың алдын алу

Қаракия ауданы бойынша «№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 5-9 сыныптар арасынан ата-аналарға «Балалар өміріндегі зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында тренинг өткізіледі.

Мақсаты: Ата-аналарға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы елімізде заң бар екенін айту. Зорлық –зомбылық адамның ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

1.Баланың бос

уақытын дұрыс ұйымдастыру.

2. Ата –ана өз ісімен үлгі болу, ертіп жүріп пайдалы еңбекке, өнерге баулу.

3. Қызығушылығын спортқа, музыка тәрізді өнерге үйренуге бұру.

4.Ашу –ызаңыздың бәрін баладан алмаңыз, қаталдық пен қатыгездіктің аражігін дұрыс түсіне де, айыра білгеніңіз абзал.

5. Жиі өз балаңызбен сырласып, жүрегінің үнін тыңдау. Бала –адамның келешегі, баланы тәрбиелеу, оны қоғамның сапалы мүшесі етіп өсіру – ата –ананың борышы! Әрбір бала үшін ең қауіпсіз орын – оның үйі, отбасы. Өйткені бала көңілі осы жерде мені жақсы көретін, маған қамқор болатын, қорғайтын адамдар тұрады деп ойлайды.

Зорлық- зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын психикалық ықпал жасауы» делінген». Бүгінгі таңда отбасындағы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды алаңдатпай қоймайды. Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу -бұл тек мемлекеттің ғана емес,сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті екенін естен шығармауымыз қажет.

1.Ата- анаға видеоролик көрсетілі, кері байланыс жасалды..

2.Атан-аналар 4 топқа бөлінеді: (постер қорғау)

1.Бала мен ата-ана арасындағы зорлық – зомбылық.

2.Жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылық

3.Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ.

4. Балалар өміріндегі зорлық – зомбылықтың алдын алу.Постер қорғау арқылы тренинг қортындыланды.

Постер қорғау арқылы өз ойларымен бөлісті.



Наурызова Айманай Нуртасовна

әлеуметтік педагог

Қаракия ауданы

Құрық ауылы «№1 ЖББМ